

Әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық Университеті
Дінтану және мәдениеттану
кафедрасы филос.ғ.к., аға оқытушы
Бияздықова Кенжегүл Әлімбекқызы

ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АДАМНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ.

Аннотация: әл-Фараби шығармасында адамның рухани құндылықтарында адам жоғарғы ізгілік қасиеттерді қалыптастыру мен ізгілік адамды тәрбиелеумен қатар адамның өз әрекеті мен қылықтарына үлкен жауапкершілігі болуы керек деп қарастырды. Сонымен қатар әл-Фараби адам туған кезінде парасатты әрекетке бейім, ақыл жететін бейнелерді тану мүмкіндігіне ие дейді. Адамның ақылға деген мүмкіндігіне, әрекетке, актуалды парасатқа жетуі үшін әрекетшіл парасат қажет. Индивидтің әрекетшіл парасат сатысына жетуі дегеніміз, ең жоғары жетілуге жету мүмкіндігі, оған тән күштерді дамытудың белгілі кезеңдерінен өту арқылы жүзеге асады, оларға жататындары: ақылды күш, талпыну күші, қиялдау күші және сезімдік күштер деп айтады. Әл-Фараби этикасы келетін болсақ адамды ізгілік қасиеттерді дамытуға, тәрбиелеуге және дәріптеуге шақырады, адам өз кезегінде ізгілікті өмірге сәйкес өмір сүріп жатқан жанның жақсы әрекеттері мен қасиеттеріне сәйкес әрекет етуі керек сонда адам бойындағы рухани құндылықтары жоғары дамиды.

Annotation: Al-Farabi composition man spiritual value a man supreme humanism quality forms me humanism man brings up hardens man attempt and character large responsibility is necessary talk examines. and also әл-Фараби man gives birth time quick in the uptake attempt inclination, mind arrives at character knows possibility bends talks. To the mind Man to possibility, to the attempt, that said, actual, that to arrive at of reasonableness, captious reasonableness is necessary. To the widow arrives reasonableness stair arrives at talks, same high arrives at perfection arrives at possibility, me me inherent force develops known pore transition through comes true, lies : mind force, try force, dream force and sense дік rape talk talk. Al-Farabi Ethics comes is man humanism quality develops, brings up and respect invites, man turn benevolent life corresponding lives lies soul good attempt and quality corresponding operates necessary then man height spiritual value high develop.

Әл-Фарабидің философиялық жүйесі, Шығыс және Батыстың дүниетанымының қисынды синтезі, әлемді игеруді түсінудің ерекше мәдени-философиялық түрі ретінде қызығушылық тудырады. Оның идеясының мәнін философиялық парасат негізінде рухани қайта құрумен қарастырады.

Әл-Фарабидің көп қырлы еңбектері араб-мұсылмандық Шығыстың рухани ізгілікті келбетін анықтайды. Орта ғасырдағы мұсылман ойшылдары ырық еркіндігі мен зұлымдық себебі, адамда жоғары ізгілікті қасиеттерді қалыптастыру және ізгілікті адамды тәрбиелеу, адамның өз әрекеті мен қылықтарына жауапкершілігі болуы секілді маңызды этикалық мәселелерді көтереді.

Үлгілі мемлекеттің құрылымы, дін мен философия сәйкестігі, үлгілі басшыға қызығушылық, адамның рухани құндылықтары - ислам мәселелері арасында маңызды орын алды. Ал әл-Фараби бұл мәселелерді шешудің ерекше жолдарын ұсынды. С.Қ.Сатыбекова, әл-Фарабидің философиялық

ізденістерінің бағытын сипаттай келе былай дейді: «Әбу Насыр әл-Фараби — орта ғасырдағы Таяу және Орта Шығыста алғаш рет философиялық ізденістің объектісі ретінде адам мен адамзат қоғамы мәселелерін ұсынды. Осылай рационалды дүниетаным шекарасын адамның мәнін, оның өмірінің маңыздылығын түсінуге алып келді және адам туралы түсінікті кеңейтті [3]. Теориялық ой-пікір немесе әл-Фараби пікірінше, теориялық философия әлемнің категориялық анықтама ретінде не екендігін айқындауға, ондағы адамның орны, адамзат болмысын анықтауға тиіс болса, «азаматтық» немесе «практикалық философия» — адамның өзіне берілген өмірін «ұлағатты ақиқатқа» яғни, бақыт жолына жету үшін қалай өмір сүру керегін анықтайды.

Әл-Фараби философиясындағы адам концепциясы оның жасалған әлемнің метафизикалық суреттемесімен тығыз байланысты. Әл-Фараби, дүние құрылымын адамзат қоғамымен байланыстырады, дүниенің Алғашқы болмыспен жоғары табиғи үндестікте болуы секілді олардың дамуы бір-бірімен жалғасып жатқан даму сатылары негізінде жүзеге асады, дейді. Әлемнің бастауында абсолютті жетілген актуалды және мәңгілік болмыс тұр, ол өмір сүруі үшін себеп іздемейді және оған мұқтаж емес. Алғашқы себеп эманация жолымен, Екінші себептерге және әрекетті ақылға, яғни осы дүние мен келесі мәңгілік өмір, ай астындағы әлемнің арасындағы өтпелі кезеңге береді, онда материя формамен органикалық бірлікте нақты өмір сүретін заттардың түрлерін жасайды.

Адамдар осы әр түрлі табиғи ай астындағы әлемнің бөлігі болып табылады. Адамдар мен Алғашқы болмыс арасындағы өткізуші байланыс әрекетшіл парасат болып табылады. Әрекетшіл парасат, әл-Фарабиға сәйкес, өзін өзі, Алғашқы болмысты және ай астындағы өмір сүретіндерді таниды. Ол адамға күш және бастау береді, ол арқылы адам өзі өзін жетілдіруге және дамытуға әрекет етеді.

Әрекетшіл парасат, әл-Фарабиға сәйкес, өзін өзі, Алғашқы болмысты және ай астындағы өмір сүретіндерді таниды. Ол адамға күш және бастау береді, ол арқылы адам өзі өзін жетілдіруге және дамытуға әрекет етеді.

Әрекетшіл парасат, өзінің табиғаты мен субстанциясына байланысты, аспан денесі берген барлық заттарды зерттеуге қабілетті. Тек адам ғана ай астындағы әлемде, потенциалды парасат актуалды болатын сатыға жете алады. Адам санасы қалыптасудың бірнеше сатысынан өтеді: ырықсыз потенциалды парасаттан әрекетшіл парасатқа дейін. Ырықсыз парасат барлық адамдарға тән, ақылдың мәнді танып білетін потенциалды мүмкіндігі, материалды өмір сүріп жатқан заттарды формаларынан ажыратады. Ырықсыз парасат ақыл жететін мәндерді мүмкіндік жағдайынан нағыз жағдайға өткізеді, нағыз парасатқа айналады. Қол жеткен парасат әрекетшіл парасат, субъект таралуынан оның заттардың сыртқы формаларынан өз формаларына айналдыра білуі, ол арқылы қол жеткен парасат арқылы индивид әрекетшіл парасатты таниды.

Адам туған кезінде парасатты әрекетке бейім, ақыл жететін бейнелерді тану мүмкіндігіне ие. Адамның ақылға деген мүмкіндігіне, әрекетке, актуалды парасатқа жетуі үшін әрекетшіл парасат қажет. Индивидтің

әрекетшіл парасат сатысына жетуі дегеніміз, ең жоғары жетілуге жету мүмкіндігі, оған тән күштерді дамытудың белгілі кезеңдерінен өту арқылы жүзеге асады, оларға жататындары: ақылды күш, талпыну күші, қиялдау күші және сезімдік күші.

Әл-Фараби этикасы келетін болсақ адамды ізгілік қасиеттерді дамытуға, тәрбиелеуге және дәріптеуге шақырады, адам өз кезегінде ізгілікті өмірге сәйкес өмір сүріп жатқан жанның жақсы әрекеттері мен қасиеттеріне сәйкес әрекет етуі керек. Сондықтан адам жанын зерттейтін психология әл-Фараби дамытып отырған этиканың қажетті негізін құрайды. Адам парасаты оның әрекеті мен талпынысын басқарады, бағыттайды, тәрбие арқылы жақсартады, адам аффектілері мен сезімдерінің талпыныстарын парасат пен ауыздықтайды.

Ақылды күшпен адам өнер және ғылымды игереді, өз әрекетіндегі жақсылық пен жамандықты ажыратады, нені істеуге болады, нені істеуге болмайтынын біледі, пайда мен зиянды, жағымды және жағымсызды танып біледі. Ақылды жан кәсіби және ойлайтын болып екіге бөлінеді. Кәсіби күш көмегімен адам өнер мен кәсіпті игереді, ал ойлау күші сол немесе басқа әрекеттің жасау қажеттілігінің дәрежесін анықтайды.

Жеке индивид жанның сәйкес күштерінің қалыптасуы және дамуының барлық сатыларынан өткесін, әрекетшіл парасат деңгейіне жетеді. Әрекетшіл парасат адамды біліммен жарақтандырады, білім тек адамға тән қасиет - еркін таңдау қасиетін тәрбилелейді. Еркін таңдау мүмкіндігі адамға белгілі бір әрекеттер жасауға мүмкіндік береді және сол әрекетіне қарай құрметтеуге ие болады немесе жазаға кесіледі. Өртүрлі күштердің жиынтығы адамға жоғары жетілген ізденіс жолында ізгілік пен зұлымдық арасында адамның таңдауын анықтайды. Оған тек адамның жоғары және ерекше қасиеті - парасат арқылы жетуге болады.

«Адам, деп жазды Әл-Фараби, бақытты парасаттық теориялық күш арқылы таниды және танып біледі. Бұл адам алғашқыны және бірінші білімді пайдаланып және танығанда болады. Талпынғыш күш арқылы бақытқа жету жолдарын іздейді, ал парасатты практикалық күш көмегімен оған жету үшін үшін қандай әрекет жасау керектігін толғанады. Талпынғыш күштердің құрал әдістер арқылы, толғаныс арқылы білген әрекеттерді жасайды. Қиялдау және сезімтал күштер парасатты күшке көмек береді және дайындайды, адамды бақытқа жету жолына әсер ететін әрекеттерге итермелейді, тек содан кейін ғана адам толық игілікке жетеді».

Әрекетшіл парасат әрбір индивидқа берілген ақылды әрекетті жүзеге асырудың потенциалды мүмкіндігін анықтайды және актуалдайды. Әл-Фараби бойынша барлық нәрсені білуге бағытталған ақылды әрекет адам өмірінің мәні болып табылады. Егер «адам өмірінің мақсаты бақытқа жету, жоғары жетілу болса, оған жету үшін адам қандай әрекетке баруын көрсету қажет. Бұл тек әрекетшіл парасат алғашқы білім болатын, ақыл жетерлік мәндерді қорытындылағанда ғана мүмкін болады».

Фарабидің ұстанымдары оны келесі ой пікірге алып келді. Бақыт адам өмірінің маңызды мақсаты ретінде бір жағынан осы адамдар тұратын нақтылы

дүниеде қол жетерлік болуы керек. Ал екінші жағынан жан бақытқа жетуі және толық жетілуі үшін тәннен ажырауы керек. Мұндай ажырату, тәннің өліп, ал жанның ары қарай өмір сүруін емес, жанның ендігі жерде өз тіршілігі үшін тән сияқты материалды негізді қажет етпейтінін көрсетеді. Адамға ғана жан қатысты, яғни теориялық парасат қана ажырай алады. Тәнге тәуелді танымдық күштерден тәуелсіз жан басқа өмірге өтеді. Осыдан жанның «бөлінуі немесе ажырауы дегенміз», адамға тән теориялық парасат абстракциялы ойлай алады және біздің сезімталдығымыздан тәуелсіз екендігі шығады.

Мұндай ажырау және жан тазалығы оны мәңгілікке жеткізеді және ақиқат танымға кепілдік береді. Тән әрекеті парасатқа қосылып, жан ай астындағы әлемнің заттарын танып қана қоймай, Алғашқы болмысты, өзін тануды ұсынады. Осы мәңгілік және өзгеріс білімді игеру адамды жетілудің шегіне, бұл адам өмір сүруінің жоғары мәні, яғни «бақыт немесе абсолютты игілікке» алып келеді.

«Бақыт» ойшылдың әлеуметтік философиясы және этикасындағы орталық түсінік. Бақыт ең жоғары жетілу, абсолютті игілік, әрбір адам өмірінің мән мақсаты. «Бақытқа жол сілтеу» трактатында әл-Фараби «бақытқа жеткесін біз басқа мақсатқа жетуге, ұмтылуға қажет етпейтінімізді көреміз, яғни бұдан шығатын қорытынды, бақыт біз үшін және ешқашан біреу үшін болмайды. Бақыт ең тартымды, ең үлкен және ең жетілген игіліктердің бірі», деп жазды.

Бақыт, Әл-Фараби пікірінше, көп мәнді және барлық түсініктер секілді көпмағыналы және көп деңгейлі. Ол белгілі бір анықтама немесе өлшемге келмейді, бірақ әл-Фараби адам немесе топтың бақытты өзінше түсінетінін жоққа шығармайды. «Бақытқа жол сілтеу» еңбегінде философ «біз бақытқа жеткесін ештеңеге мұқтаж еместігімізді көрдік. Ал бұл жағдайға жету үшін өзін өзі толық жетілдіру керек дейді.

Адамның бақытының мәні не екендігін ұғыну, адамзаттық өмір сүруінің мәні мен өмірлік құндылықтары кеңмәтінінсіз түсіну қиын. Бақытты іздеу адамның өмірге жалпы бағасын ізденуде, оның тұлғалық және өзін өзі іске асыратын, барлық шығармашылық сұраныстарын қанағаттандыруы және оларды жеке қоғамдық жүзеге асыруында жатыр. Әл-Фарабидің пікірі бойынша, «Бақыттың игіліктер арасындағы орны сондай, адам бақытқа жетуі үшін оған жеткізетін әдістер мен заттар болғанын қалайды [11].

Әл-Фараби үшін бақытқа жету жолында адам әрекеттері мен қылықтарын рухани түсіну маңызды, өйткені ол әлеуметтік маңызды әрекет, бұл әрекет тек адам тілегіне орай қалай әрекет жасауында емес, ол қоғамда мақтауға немесе ұялтуға ие болатындығында тұр. Адам жаны күйзелісімен байланысты табиғи әрекет бақытқа жету үшін жеткіліксіз. Адамның жақсы да жарқын іс жасауға тілегі де жеткіліксіз. Адам өз әрекеті айқын болуына сенімді болуы үшін адам әрекеті дұрыстығын қоғам мойындауы керек. Сондықтан философ «біз өз әрекеттеріміз дұрыс, жан аффектілері қандай болуы керек, біздің ізденістеріміз жақсы ақылға жету үшін қандай болу керектігін анықтап алуымыз керек», дейді [12].

Демек адам бақытқа және өзінің жетілуіне тек қана қоғамда және адамдар арасында қалыптасқан қоғамдық қатынастар жүйесі арқылы жетуі мүмкін. Бұл дегеніміз, әрбір индивид өзінің табиғи бейімділігін, мінез құлқын, темпераментін қоғам талаптарымен және оның жүйесімен салыстыруы керек. Бұл жүйеде адам әрекеттерінің өлшем жүйесі анықталады және енгізіледі, яғни тек табиғи бейімділігіне, мінезіне, құмарлығына және тағы басқаға сәйкес оны жүзеге асыру мүмкін емес. «Адамдардың бірге тұруы» талаптары адамды тәрбиелеуге мұқтаждыққа себеп болады, оған табиғатпен берілмейтін қасиеттердің қалыптасуына, адам мәдениеті әлемімен тәрбиеленуіне, яғни адамды тек қана талап тілегіне сай емес, борышын өтеуге итермелейді.

Әрбір адам, Әл-Фараби пікірі бойынша, табиғатынан қасиетке ие, оған сәйкес «адамның жан аффектілері, ақыл парасаты, әрекеттері ұнамды болады және болмайды» [14].

Бұл дегеніміз әрбір адамның өнегелі немес өнегесіз әрекет жасауға мүмкіндігі бар екендігін білдіреді. Әл-Фараби өнегелік табиғаты мәселесі туралы бізге жеткен трактаттарында талқылайды. Алайда оның негізгі «Азаматтық саясат», «Бақытқа жол сілтеу» және «Бақытқа жету жолдары» әлеуметтік этикалық трактаттарында философтың өнегелік табиғатын түсінуге талпыныстарының негізгі бағытын анықтауға мүмкіндік бар.

Бақытқа жетудің маңызды шарты, әл-Фараби атап көрсеткендей, адамға еркін таңдау және істеген әрекеттің өз еркімен негізделуінде. Әл-Фараби адам еркі еркіндігіне, жақсы мен жаманды таңдауына көп маңыз артады. Еркін еркіндігі жан парасаттылығымен анықталады және ол тек адамға тән, адамдағы ізгілікті қалыптастыратын және күшейтетін қажетті шарт. Алғашқы ақыл жететіндей мәндерді игеру мен ақыл-парасат арқылы жүзеге асады.

Әл-Фарабидің бақыт концепциясы адам әрекеттері мен мінезін қарастыратын этиканың пәні, азаматтық немесе саяси философияның пәні ретінде қарастырылады. Оның философиясы қала тұрғындарын, саяси билікті ұйымдастыру әдісін, қоғам мүшелерінің әрекеті мен мінез құлығын басқару білімдерін біріктіреді. «Азаматтық ғылымның бір бөлігі бақыт пен қиялдағы бақыттың арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Сонан кейін мұнда қалалар мен халықтарға тән әрекеттер, мінез құлық, өнеге және жалпы ерік қасиеттері тізіп көрсетіледі. Ақырында бұл бөлім жаңағыларды қайырымды және қайырымсыз деп екіге бөледі. Азаматтық ғылым ғана адамзаттың қорытында мақсаты бақытқа жету жолын талдайды, бақыт адамдардың қасиеттерімен жақсы және ізгілікті әрекеттерімен жүзеге асады.

Зерде, бақыт, ізгілік, "еркіндік", "теңдік", "әділеттілік" ұғымдары сияқты, Фараби дүниетанымынд- интеллектуалды тектілер де адам болмысына имманентті тән. Бұл құндылықтар білімді растайды: ақылды, ізгі, еркін, бақытты болу үшін білімді және білікті болу қажет. Білім – құндылықтарды іске асыру құралы, игеру құралы, жеке адам мен бүкіл қоғам жетілуінің басты шарты.

Жалпы әл-Фараби шығармасындағы үлгілі адам мұратын қорытындылай келе қазіргі таңдағы жастарға бере тәрбиелік мәні зор десек

қателеспеспіз. әл-Фарабидің үлгілі адам мұратына жету үшін, адам өз бақытына толыққанды болу керек. Яғни қоғам құндылықтарымен бірге әлеуметтік өзигіліктерінен мойынсұнбай жете түсіне білу керек. Сонда ғана адам өз мұратына жетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1997. – 446 б.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 380 б.
3. Ғабитов Т.Х. Мақсат, мақсаттылық және мұрат. – Алматы: Қазақстан, 1985. – 112 б.
4. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. – Алматы: ҚазМУ, 1998. – 202 б.